

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медиадағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медиадағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOва А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

Балалар медиасындағы білім беру контентін анықтау көп уақытты қажет етеді. Ол білім беру элементтерін, рөлдік сәндеуді, әлеуметтік-эмоционалды оқытуды, басқа да көптеген жағымды аспектілерді, сондай-ақ тұрақты құндылықтарды ілгерілетуді қамтиды. Егжей-тегжейлі ойластырылған сапалы медиа балаларға өздерінің жеке қасиеттерін дамытуға, сыни ойлау қабілеттерін және проблемаларды шешуді жақсартуға, сондай-ақ болашақта қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Шығармашылық мәселелерді шешу, өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі тиімді ету модельдері, әзіл-оспақ және оптимизм сияқты тақырыптар білім беру контентіне еніп, балаларға құнды өмірлік сабақ алуға көмектеседі [4, 91-б].

Білім беру және кеңейту элементтерін қоса алғанда балалар медиасы тек көңілді ғана емес, сонымен қатар барлық балалар осы құнды сабақтардан пайда көруі үшін инклюзивті болуы маңызды. Қорытындылай келе, сапалы контент тұрақты дамуды насихаттаудың және оптимистік болашақты қалыптастырудың қуатты құралы деп айта аламыз.

Еліміздегі жастар мен балаларға арналған медиадағы білім беру контенттері – зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі. Қазіргі таңда, балалардың басым көпшілігі интернет платформалары мен көгілдір экранды білім алудың негізгі нүктесі етіп алды. Балалардың сапалы білім алуында өз үлестерін қосып отырған телеарналардың басты проблемасы – көрерменнің аздығы. Жас оқырмандарға таңдау бар болғандықтан, қалаған порталдан керек ақпаратын алып, қалаған арнасын қосып көре алады. Дегенмен, баланың сапалы білім алып, пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етілуі ең алдымен ата-ананың міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрсын Қ. Көгілдір экран құпиясы. – Алматы, 1993. 163 б.
2. Барманқұлов М. Телевизия: бизнес әлде билік? – Алматы, «Қазақ университеті, 2007. 195 б.
3. <https://skysmart.ru/distant/info/plyusy-i-minusy-distancionnogo-obucheniya-v-shkole>
4. Йигит Э. Сила качественного контента в детских медиа: содействие устойчивому развитию и экологическому сознанию в развитии детей младшего возраста // Современное дошкольное образование. – 2023. – №4(118). – С. 90-91 б.

1996-2000 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА “ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН” ГАЗЕТІНДЕ ҚОЗҒАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ

Жамиля Бахтиярқызы,

Л.Н. Гумилев ЕҰУ журналистика және саясаттану

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ баспасөзі де, баспасөзде қозғалған әлеуметтік мәселелердің мазмұны да өзгеріске ұшырады. Кеңестік идеологиядан арылған баспасөздің ұлттық ерекшелігі көріне бастады. Мерзімді басылымдарда салт-дәстүр, мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениет, тарих тақырыптары цензурасыз жаряланды. Аталған тақырыптардың айналасында әйелдерге қатысты әлеуметтік мәселелер мен тұрмыстық әрі мәдени тақырыптар да жазылды. Қазақ баспасөзін сонау “Түркістан уәлаяты” газетінен зерттеген белгілі ғалым Қ.Алдаберген де тоқсаныншы жылдары қазақ баспасөзі жаңаша тыныс алғанын жазады. Оған тәуелсіз басылымдардың пайда болуы, саяси цензурасыз көптеген әлеуметтік әрі ұлттық тақырыптардың қозғалуы дәлел бола алады. Қ.Алдабергеннің сөзіне сілтеме жасайтын болсақ, ғалым: “Қоғамда болып жатқан әр алуан, ірілі-ұсақты оқиғалар туралы дер кезінде оқырмандарына мәлімет жеткізу міндетін атқаратын мерзімді басылым, уақыт өте келе баға жетпес құнды деректер көзіне айналады. Халыққа болған оқиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтар жинайды, сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек көзі ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға көмектеседі” - деп, басылымның тарихи маңызын айғақтайды [1, 11]. Біз зерттеп отырған баспасөздегі әйелдер мәселесі үшін де басылымдарда жарияланған мақалалар, сұхбаттар және басқа да публицистикалық жанрда жазылған материалдар тексеруді қажет етпейтін нағыз фактіге айналып отыр.

Әйелдер мәселесі егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап өзекті тақырыптардың біріне айналды. Коммунизмнің құрсауынан енді ғана арылып, ұлттық ерекшелігін қайтаруға тырысқан ел үшін әйел, қыз, ана сияқты қадірлі есімдердің де мәртебесін көтеру маңызды болды. Әйелдерге коммунизмнің белсенді құрылысшысының қамытын кигізіп, қара еңбектің адамы еткен сол жүйенің қалыптасқан айналымын бұзып, қазақы дәстүр бойынша, жаратылысы нәзік әйелді тек жұмысшы тап ретінде емес, ошақ анасы, отбасы ұйытқысы ретінде көрсету үшін де әйел тақырыбы баспасөзде жиі қозғалды. Ал олардың тақырыптық ерекшеліктеріне, мәселені қозғау дәрежесіне баға беру үшін терең зерттеу қажет. Себебі әйел затына қатысты әлеуметтік мәселелер қазіргі күні де жоқ емес. Олардың тарихи мәнін, өрістеу және шешілу дәрежесін анықтау мақсатында елдің бас газеті “Егемен Қазақстанды” зерттеу нысаны ретінде алып отырмыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын тарихта “өтпелі кезең” деп атады. Аталған сындарлы кезең қоғамның барлық саласына дерлік салмағын салып кетті. Өтпелі кезең ауырпалықтары әйел затын да айналып өткен жоқ – бұл сөзімізді баспасөз де дәлелдей алады. 1996 жылдың 7-ақпанында “Егемен Қазақстанның” сол кезеңде газет бетінде жиі көрінген “Отбасы” атты айдарында “Қабырға сынбағанмен қайысып жүр” деген тақырыпта мақала жарық көрді. Мақалада газет тілшісі Мандайлы Қосым әртүрлі сала

мамандарымен сұхбаттаса келе, әйелдерге қатысты әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Қозғалған мәселелердің ішінде медицинадағы, білім беру саласындағы олқылықтар, жұмыссыздық, жалақының аздығы, білім деңгейінің төмендігі, экономикалық тұрақсыздық, мамандардың жетіспеуі де бар. Мәселен Бейнеу аудандық аурухананың гинеколог дәрігері Жамал Жаманбаева ана мен бала өлімі көбейіп жатқанын, аудандағы денсаулық сақтау саласы төмен деңгейде екенін нақты пайыздық көрсеткішпен дәлелдейді. Дәрі-дәрмектің жетіспеуі, мамандар тапшылығы, экологиялық жағдайдың нашарлауы нәтижесінде халықтың табиғи өсімі күрт төмендеп, сол жылы дүниеге келген 1041 сәбидің 700 аман қалғанын, ал олардың 26 пайызы ғана қалыпты туғанын жеткізеді. Ал Маңғыстау аудандық өнер мектебінің директоры Аймұқан Мұқашева әйелдердің шарасыздықтан күндіз базарда, түнде вокзалда сауда жасап жүргенін, жұмыссыздық деңгейінің өршіп жатқанын айтады: “Мәселен, үстіміздегі жыл басында ресми түрде жұмыссыз деп тіркелген 1862 адамның 1291-і әйелдер. Былтыр еңбекпен қамту орталықтарына жұмыс іздеп барған 3597 әйелдің небәрі 755-і орналастырылған” [2].

Тоқсаныншы жылдары әйелдерді толғандырған тағы бір мәселе перзент сүюге қатысты болды. Медицинадағы технологиялық жаңалықтар біздің елде де байқала бастады. Мәселен 1996 жылы 16 ақпанда газет тілшісі Гүлзейнеп Сәдірқызының “Денсаулық” айдарымен “Бір перзентке зар болсаңыз” атты көлемді сұхбаты жарияланды. Тілші соңғы жылдары ұрпақ сүюді армандап жүрген отбасылардың көбейгенін жазып, бұл мәселенің шешу жолдарын алға тартады: “Бұл ретте мұндай тығырықтан шығу жолын алғаш шетелдік ғалымдар зерттеп, соның нәтижесінде “құтыдағы баланың” дүниеге келгенінен жұртшылық хабардар деп ойлаймыз. Ал Алматыда 1990-шы жылдары “Неке және отбасы” емханасында донор арқылы ұрықтандыру ісі қолға алынды. Ал Қазақстан мен Орта Азияда қараша айында тұңғыш рет ашылып отырған Экстракорпоральді ұрықтандыру орталығының айырмашылығы – мұнда тек ерлі-зайыптыларды емдеп, солардың ортасынан нәтиже шығару”. Осы істің басында жүрген Батыр Бекмұсаев пен Салтанат Байқошқаровадан сұхбат алып, нәтижесінде перзент сүю мәселесінің оңды шешімдерін ұсынады [3]. Ана мен бала денсаулығы - газет бетінде жиі қозғалатын мәселенің бірі. 1997 жылы 22-қарашада “Ана мен бала денсаулығына қамқорлық қажет” деген тақырыппен сұхбат жарияланды. Денсаулық сақтау департаментінің ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің бас сарапшысы Раиса Колокинадан сұхбат алған газет тілшісі Михаил Амбарцумян: “Елімізде жүріп жатқан әлеуметтік экономикалық реформаға байланысты өтпелі кезең жағдайында жасөспірімдердің проблемасы тым шығындап барады”, - деп жазады. Яғни, бала денсаулығы да сол кезеңнің басты мәселелерінің бірі болған. Себебі балалар мен жасөспірімдер денсаулығы сапасының төмендеуі байқалды. Маманмен сұхбаттаса келе, бала денсаулығы тікелей әйелдің, яғни ананың денсаулығына байланысты екеніне тоқталады: “Бірқатар аймақта әйелдердің денсаулығының

деңгейі 20 проценттен де аспайды. Оның себебі толып жатыр. Атап айтқанда, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы, өмір сүру деңгейінің, мұның ішінде тамақ сапасының төмендігі, салауатты және мәдени ғұмыр кешпеу, өзінің және баланың денсаулығына енжарлық. Мысалы, дүниеге жаңадан шыр етіп келген нәрестенің бестен бірінен көбі осындай және басқа да себептерден жарымжан, дімкәс” [4]. Әйелдердің өз денсаулығына немқұрайды қарауының нәтижесінде сол жылдары өршіген тағы бір мәселе – қыз-келіншектердің, аналардың арасында туберкулез індетінің көбеюі. Аталған мәселені “Егемен Қазақстан” да көтереді. 1997 жылдың 28-қарашада жарық көрген газеттің кезекті санында тілші Гүлшат Сапарқызы “Ұл тумайтын әйел жоқ. Саулығын айт” атты тақырыпта сұхбат жариялады. Әйелдер арасында туберкулез дертінің өршуі басқа да үлкен мәселелерге алып келетінін арнайы маманмен сұхбаттаса отырып дәлелдейді. Сұхбат беруші Алматыдағы туберкулез ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері Лира Ғаббасқызы: “Шынын айтқанда, қазір әйелдер өз денсаулығына тым жауапсыз қарайды. Тіпті құлағанша жүре береді. Өйткені, емдеу, сауықтыру барлық жерде ақылы, әрі бұрынғыдай жұмыстан емін-еркін шығып кете алмайды. ... Әйелдердің бедеулікке шалдығуының бір себебі – жыныс мүшелерінің туберкулезбен ауруы екенін білікті мамандар да дәлелдеп отыр. Бізде кең ауқымды балалар, жасөспірімдер гинекологы жетіспейді. Қыздар көбінесе тұрмысқа шығып, бала көтермеген жағдайда ғана гинекологқа қаралады” - дей келе, әйелдердің денсаулығына байланысты көптеген мәселелердің (бедеулік, дәрі-дәрмектің жетіспеуі, жыныстық сауатсыздық) себебі мен шешу жолдарын әңгімелейді [5].

Жалпы газет бетінде қозғалған әйел тақырыбы адамның дүниеге келуінен бастап, өмірден өтуіне дейінгі қоғамдағы барлық салаларды қамтиды. Сондықтан “Егемен Қазақстан” әйелдердің үніне құлақ асқан, олардың арман-мұратын жазып, мұң-шерін көтеріскен басылым деп сенімді айта аламыз. Мұны әсіресе 8-наурыз “Халықаралық әйелдер мерекесіне” орай жарияланған мақалалардан байқаймыз. Газет тілшісі Мағжан Садыхан “Тіршілікке нұр сеуіп бара жатыр немесе әйелдердің айтылса ақ арманы” атты мақалада әртүрлі жастағы қарапайым әйелдермен әңгімелесе келе, олардың арман-тілегін газет бетіне түсіреді [6]. Әр жастағы буынның айтқан сөзінен-ақ сол кезде әйелдерді қандай мәселелер толғандырғанын байқаймыз: жұмыссыздық, жалақының аздығы, нарықтық экономикаға көшудің қиындығы, ажырасу көрсеткішінің өсуі, елдегі идеологияның әлсіздігі. Мысалы көпбалалы ана әрі ұстаз Бәтима Қаражанқызы ұрпақ тәрбиесіне алаңдап отырғанын, жастардың адамгершілік құндылықтарын жоғалтып, қоғамдағы тәртіпсіздік пен тұрақсыздықтың нәтижесінде ұстаздық ету де қиынға соғып жатқанын, сол үшін де ұстаздық қызметті тастап, саудаға бет бұрғанын айтады. Яғни, ұстаздың осы сөзінен тоқсанынышы жылдары көбейген қоғамдық тәртіпсіздіктің барлық салаларға әсер еткенін байқаймыз.

Зерттеу нәтижесінде сол жылдарда зейнет жасы мәселесі де жиі қозғалғанына көз жеткіздік. “Егемен Қазақстанның” заң консультациясы”

деген айдармен зейнет демалысы, оның шарттары, жаңа заң нормалары, мемлекет тарапынан болған жеңілдіктер жайлы әйелдерді барынша хабардар еткен: “ҚР еңбек заңдылығында және басқа да заң салаларында әйелдер үшін зейнетақы жеңілдіктермен қатар көптеген әлеуметтік басқадай да жеңілдіктер көрсетілген. Оқырмандар сауалына байланысты бұл мәселелерге газет редакциясы жауап береді [7].

Қорыта келе, “Егемен Қазақстан” газетінің архивтегі сандарына шолу жасай отырып, елдің бас басылымы 1996-2000 жылдар аралығындағы егемендіктің кезекті бесжылдығында оқырман тарапынан, әсіресе біздің зерттеу нысанына айналып отырған – әйелдерден түскен сауалдарды, қоғамда қалыптасқан әртүрлі мәселелерді негізге ала отырып, мәселені газет бетінде қажет деңгейде көтере білген. Күн сайын жарыққа шығатын елдің негізгі газеті ретінде мәселені үстіртін ғана емес, тереңінен талдай білген. Мұны арнайы мамандардан алынған көлемді сұхбаттардан, мәселенің шығу тегін, шешілу жолдарын барынша зерттей білген мақалалардан және қарапайым әйелдермен диалог орнатып, олардың мұң-шерін, талап-арманын газет бетіне түсіре білген талдаулардан байқай аламыз. Газет беттерін парақтай отырып, сол жылдарда қоғам назарында болған мәселелер әртүрлі жастағы әйелдерге қатыста болғанын да байқадық. Жоғарыда аталған мәселелер қоғамдағы бірқатар әлеуметтік саланың төңірегінде болғанына көз жеткіздік (денсаулық сақтау, зейнет демалысы, жастар тәрбиесі, әлеуметтік-экономикалық сала).

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылдар). / Қ.Алдаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев – Алматы: Білім, 2010.
2. Қосым М. Қабырға сынбағанмен қайысып жүр // Егемен Қазақстан газеті, ақпан, 1996.
3. Сәдірқызы Г. Қабырға сынбағанмен қайысып жүр // Егемен Қазақстан газеті, ақпан, 1996.
4. Амбарцумян М. Ана мен бала денсаулығына қамқорлық қажет // Егемен Қазақстан газеті, қараша, 1997.
5. Сапарқызы Г. Ұл тумайтын әйел жоқ, саулығын айт // Егемен Қазақстан газеті, қараша, 1997.
6. Садыхан М. Тіршілікке нұр сеуіп бара жатыр // Егемен Қазақстан газеті, наурыз, 1996.
7. Зейнетке жасың жеткенде // Егемен Қазақстан газеті, сәуір, 1996.

БАҚ-ҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ТАЛДАУ